# SARYARQA

27 qarasha 2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№44 (8208)



AINA — БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ — 2-бет

SAIASAT — ХАЛЫҚТЫҢ ҚУАТЫ – БІРЛІКТЕ — 3-бет

QOǴAM — ХАЛҚЫНА ҚАМҚОР ЕЛБАСЫ — 4-бет

DÚBIR — МЕДИАЦИЯ – ТӨРЕЛІК АЙТУДЫҢ ОЗЫҚ ӨНЕГЕСІ — 5-бет


1 ЖЕЛТОҚСАН – ҚР ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІ

# ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫНЫҢ ҰЛАҒАТЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН

***Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында Қазақстан санаулы жылдарда әлемдік аренада танымал мемлекетке айналып, өзіндік құрметке ие болды. Бұрынғы қоғамымызда бізге мүлдем жат нарықтық қатынастардың тұңғиық иірімдеріне түсу, небір алпауыт елдердің жаһандық үрдістегі ықпалының арасынан экономикалық дамудағы өз жолымызды тауып, береке-бірлігімізді сақтай білу Тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасудағы сындарлы кезеңде оңайға түспегені анық. Ел ішіндегі тыныштық пен бірлігімізді басты орынға қойған Тұңғыш Президентіміз ядролық қаруды таратпау, халықаралық деңгейдегі шиеленістер мен жанжалдарды келіссөздер арқылы реттеу және қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытындағы форумдар құру сияқты әлем тарихында маңызды орын алатын тың бастамаларымен ерекше танылды. Сырт елдерге беделді, ұлтымыздың көшбасшы тұлғасына айналды.***

***Біз бұл мақалада Елбасының еліміздің тұтастығы, қоғамымыздың тұрақты болуы және ұлттық ерекшеліктерімізді жаңғыртып, сақтай білу жолындағы өзекті бағдарламаларының өміршеңдігіне тоқталып өтуді мақсат тұттық.***



Нұрсұлтан Әбішұлының әр жылдардағы биік белестер мен нақты істерге жұмылдырған халыққа арнаған Жолдауларымен қатар, «Қазақстан – 2050» стратегиясы мен «Мәңгілік ел» жобасы аясында көптеген өзекті бағдарламалар өмірге келіп, даму жолымен алға ұмтылуымызға айрықша серпін берді. «Цифрлы Қазақстан», «Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам», «Нұрлы жол», «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» және басқа да бағдарламалары білім мен ғылымды игеру, инновациялық жаңа жетістіктерге жету, елімізді кезең-кезеңімен жаңғырту арқылы әлемдегі озық дамыған 30 елдің қатарына жетуге ұмтылдырып келеді. Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа үлгісіне қол жеткізуді мақсат етіп отырмыз. Мәселен, 2014 жылдан бастап іске асырыла бастаған «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша еліміздің инфрақұрылымдары жаңартылуда. Өңірлерде қаншама жол салынды, тұрғын үйлер бой көтерді. Сондай-ақ, «Президенттің бес әлеуметтік бастамасында» белгіленген міндеттерді жүзеге асырудың игіліктеріне де ел қол жеткізе бастады. Соның негізінде әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктері жасалуда, жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысы көтерілуде, кәсіпкерлікті дамытуға еркін жол ашылып, елді газбен қамтамасыз етуде жаңа жобалар қолға алынды. Осы жоба аясында қысқа мерзімде Қызылорда – Нұр-Сұлтан газ магистралі салынғанын жұртшылық жақсы біледі. Көгілдір отынның игілігін біздің облысымызбен қатар Жезқазған қаласының тұрғындары да көре бастады. Елімізді индустрияландыру, барлық салаларды цифрландыру бағытындағы жүзеге асып жатқан істер де ауқымды.

Ұлт көшбасшысының ұсынуымен ұлттық рухымызды жаңғырту бағытындағы ұлағатты бағдарламалардың өмірге келгенін айрықша атап айтуымыз керек. Мәселен, осыдан 16 жыл бұрын «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданып, тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандар жаңғыртылса, 2013 жылы өмірге келген «Халық – тарих толқынында» жобасы арқылы әлемнің ең таңдаулы архивтерінен төл тарихымызға қатысты деректерді жинап, зерттеуге қол жеткізілді. Осы орайда 2017 жылы бастау алған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының маңызы өте зор болды. «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай... Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек», – деп атап көрсетті бағдарламаның мәні туралы Н.Назарбаев. Бағдарлама аясында өткен алуан іс-шаралар барысында төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына одан әрі тереңдеп үңілуге көңіл бөлінді. Ұлттық сана-сезіміміздің көкжиегін кеңейтуге барынша мүмкіндік жасалды.

Салт-дәстүрлерімізбен қатар, әдебиетіміздегі, музыкамыздағы ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні жан-жақты зерделеніп, рухани мәдениетімізде жаңаша бетбұрыстар жасалды. Жезқазғанның орталығындағы Шыңғыс хан заманында өмір сүрген қолбасшы, жырау Кетбұқа абыздың еңселі ескерткішінің бой көтеруіне осындай рухани серпілістің ықпал еткені сөзсіз. Қазір бұл жер тарих тереңіне бойлап, бабалар рухына тағзым жасайтын қастерлі орынға айналды. Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Кейде біз салт-дәстүрлеріміз бен жоралғыларымызға, тілімізге қатысты түйткілдерді қозғағанда біреулерден көретініміз бар. Шынтуайтында, оларды дамытуға ешкім бөгет болып отырған жоқ. Енжарлық пен боссөзділікке салына беруден арылып, ортақ іске әркім үлесін қоса білуге ұмтылса бәрі орнына келер еді.

Рухани жаңғыру аясында «Туған жер» бағдарламасы мен «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы өмірімізге жол тартты. Әркімнің шыр етіп түскен топырағы, аунап-қунап өскен туған жері бар. Адам қай қиырға қанат қақса да туған жеріне деген ыстық сезім жүрек төрінде жүреді. Елбасы алға қойған бұл жоба туған жерге сүйіспеншіліктің арта түсуіне зор әсерін тигізді. Бүгінде жастардың көбі үлкен қалаларға ойысып, ауыл көбінесе қариялардың мекені болып қалды. Немесе іргесі сөгіліп, қаңырап қалған ауылдар да аз емес. Сана-сезімнің жаңғыруы атамекенге көзқарасты өзгертуге, жанашырлық пен қамқорлық жасауға үлкен қозғау салды. Бойларында патриоттық сезімі оянған кәсіпкерлер, зиялы қауым өкілдері, әртүрлі қызметте жүрген азаматтар туған жерлеріне атбасын бұрып, қолдан келген көмектерін көрсете бастады. Соның нәтижесінде көптеген ауылдарда спорт сарайлары, мәдениет ошақтары мен басқа да қажетті әлеуметтік игіліктер бой көтеріп, ел еңсесінің көтеріле түсуіне оң әсерін тигізуде. Мұндай бастамалар әлі де жалғасын тауып, жалпыұлттық патриоттық қозғалыстың өзегіне айналып отыр.

Ұлт көшбасшысы ұланғайыр даламыздың аса бай рухани тарихы бар екенін, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері бар екендігін алға тарта келіп, осынау рухани географиялық белдеудің біртұтас желісін жасауға тапсырма берді. «Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Яссауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді», – деп атап көрсетті Елбасы.

►► 5-бетте

## Құрметті жезқазғандықтар!

Сіздерді 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – барша қазақстандықтар үшін ерекше мереке, елімізді ынтымақ пен бірлікке бастайтын күн. Еліміздің Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың негізін салған салиқалы саясатының арқасында елімізде саяси тұрақтылықты сақтап, толеранттылықты, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді басты ғұмырлық құндылық ретінде ұлықтап, нығайтып келеміз. Елбасымыздың дара да дана жолы арқылы Тәуелсіз Қазақстанның негізі қаланып, саяси-экономикалық тұрақтылық қамтамасыз етіліп, әлемдік қауымдастықтан лайықты орның алды. Жан-жақты сараланған ішкі және сыртқы саясатының арқасында еліміз дамудың ілгерілеу мен өркендеу жолымен келеді.

Қазақ халқында: «Тарихты тұлғалар жасайды» деген терең мағыналы сөз бар. Әр ұлттың жеке тарихын қалыптастырудағы ұлы тұлғалар болады. Олар мыңдаған жылдар өтсе де, сол ұлттың көшбасшысы ретінде санамызға бекіп, ұмытылмас тарихи тұлғаға айналады. Бұл ретте, Тәуелсіз Қазақстанның негізін салушы тарихи тұлға ретінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен мақтанамыз. Елбасы есімі Егемендік, Тәуелсіздік, Қазақстан, Отан, Бірлік, Рухани құндылық сияқты ұғымдармен қатар айтылады. Сол себепті де кемеңгер көшбасшымыздың ел тарихындағы ерен еңбегін бағалай білу баршамыздың парызымыз.

Құрметті жерлестер, осындай жарқын мереке қарсаңында Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін. Бірлігіміз бекем, тірлігіміз берекелі болсын! Отанымыз – Тәуелсіз Қазақстанымыз өркендей берсін!

***Ізгі тілекпен,***
**Жезқазған қаласының әкімі Қ.ӘБСАТТАРОВ**

# ҰРАНШЫЛДЫҚ ЕМЕС, ЙЫМШЫЛДЫҚ – ЛЫ МҰРАТЫМЫЗ

Бүгінгі таңда азаматтардың қоғамдық белсенділігі, сана сергектігі сүйсіндіреді, әрине. Яғни, самарқаулықтан арылып келеміз. Десек те, әлеуметтік желі арқылы желдей гулеген жалаң ұранмен ұлттық мүдденің ұпайы түгенделмейтінін де ескергеніміз абзал шығар. Саясаткерлердің халық алдына шығып, олардың көкейкесті мәселелерін тез әрі оңай шешіп берем деп үйіп уәде беруі үйреншікті жағдайға айналып бара жатқандай. Мысалы, бір күнде инфляцияны тоқтатамын, жемқорлықты жоямын, теңдік орнатамын деп уәде берулері сынды жалаң ұрандар желдей есіп тұр. Соңғы уақытта елде түрлі популистік мәлімдемелер жасап, халықтың сенімін иеленгісі келетіндер көбейіп кетті. «Анаған ақша құртқанша, одан да мына жердегі халыққа көмектеспей ме?», «Кредиттің бәрін кешіру керек, себебі халықта оны төлейтін ақша жоқ», «Ұлттық компаниялардың барлығын жауып тастап, зейнетақы қорын ыдырату керек!». Сізге мұндай үндеулер ұнай ма? Әрине, бәрімізге ұнайды. Халық қолдайды, әлеуметтік желілерде лайктар басылады. Бірақ, айтылған ұсыныстардың еш қаржылық негізі жоқ және оларды іске асыратын болсақ, онда ел экономикасы ауыр халге ұшырайды. Дәл осы парадокске «экономикалық популизм» деген ат берілген. Саясаткерлер популизмді адамдарға ұнау, олардың сенімі мен қолдауына ие болу, осылайша билікке келу үшін қолданады. Әрине, билікке келгім келеді деп тура айтпайды: олар әдетте «халық пен елдің қамын ойлаймын» деп жар салады. Әрине, популистік мәлімдемелер жасау арқылы әлеуметтік желілерде лайк жинау оңай. Кез-келген жағдайда, сыни көзқарасты сақтап, салқынқанды шешім қабылдау керек. Тек осы қасиеттер ғана елді дағдарыстан шығара алады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Демократияның басты жауы – білімсіздік пен популизм. Осыны естен шығармаған жөн. Азаматтарымыз реформаларға қолдау білдіреді деп сенемін. Олар жаңа саяси мүмкіндіктердің арқасында қоғамда «хайпократияның» белең алуына жол бермейді деп үміттенемін» дей келе өзінің мақаласында популизмді «кез келген елдің дамуын және ұлттың өзіндік ерекшелігін бұзатын қауіпті процесс» деп атай отырып, қатты сынға алды. Президент осы құбылыс індет ауқымына ие болған Қазақстан жөнінде айтып отырғаны түсінікті. Популизмді оппозиция, саяси партиялар, ұлтшыл-патриоттар, қоғам қайраткерлері, блогерлер жиі қолданады. Халық осындай үндеулердің, ұрандар мен уәделердің шынайы бағасын баяғыда түсінуі керек сияқты еді, бірақ көпшілігі оларға әлі имандай сенеді.

Осыған орай Қасым-Жомарт Кемелұлы «Популизм – бұл саясаткердің дарынсыздығы, Мен бос уәде бермеймін. Мен нақты істің адамымын. Мен өзімнің реформа бағдарламаларымды өмірде нық жүргізетін боламын» деп халықтың сенімінен шығатынын нық жеткізді.

Популизм теріс тенденция ретінде дүниежүзілік сипат алды. Әлемнің түпкір-түпкірінде нақты стратегиясы жоқ, тек жалаң ұрандар арқылы билікке жеткісі келетін топтардың дауысы жиі естілуде. Осындай даңғазаға құмар адамдар туралы қазақтың ұлы Абайы: «Ку тілменен құтыртып, кетер бір күн отыртып», – дейді. Расында, бұл – кез-келген елдің дамуын кенже қалдыратын, ұлттың бірегейлігін әлсірететін қауіпті үрдіс. Бізге, Абай айтқандай, артық мақтанға салыну, өзгені қор, өзімізді зор санау, дау қуу әсте жараспайды. Әр қадамымызды анық басып, әлемде және елімізде болып жатқан оқиғаларды байыппен сараптай білуіміз қажет.

►► 5-бетте

ЖАҢА КІТАП

# «ЖЕЗҚАЗҒАННЫҢ ЖҰМАМӘДИІ»

***осындай атаумен естеліктер жинағы жарық көрді***

***Жезқазған жұрты үшін Жұмамәди Ибадiлдиннің есімі айрықша құрметке ие. Ел игілігі үшін ерінбей еңбек еткен азамат көзі тірі болса биыл 70 жасқа толар еді. Жақсысын ұлықтап, тарихын түгендеген жезқазғандықтар оны және оның еңбек жолын, қызметтік істерін ешқашан естен шығарған емес. Таяуда ғана ел ордасындағы «Кәусар» баспасында жарық көрген «Жезқазғанның Жұмамәдиі» кітабы осы сөзімізге дәлел.***




Мемлекеттік қызметтегі алғашқы еңбек жолын 1977 жылы Жезқазған облыстық ауыр шаруашылығы басқармасында инженер болып бастаған Жұмамәди Ибадiлдин бас инженер, құрылысты жобалау және ұйымдастыру тобының жетекшісі қызметтерін атқарған. Одан кейінгі мансабы 1978 жылы Жезқазған қалалық комитетінде күрделі құрылыс бөлімінің бастығы, 1980 жылы қалалық жоспарлау комиссиясының төрағасы, 1981-1984 жылдары қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары, қалалық жоспарлау комиссиясының төрағасы, Жезқазған облыстық халыққа тұрмыстық қызмет көрсету басқармасы бастығының орынбасары болып жұмыс істеген. 1985-1987 жылдары Халық депутаттары қалалық Кеңесі атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, 1987-1991 жылдары Жезқазған облыстық атқару комитеті халыққа тұрмыстық қызмет көрсету облыстық өндірістік бірлестігінің бастығы, облыстық халыққа тұрмыстық қызмет көрсету одағының төрағасы, «Ұлытау» ӨБ бас директоры сынды жауапты қызметтерді атқарған Жұмамәди Ибадилдин 1995 жылдың қаңтар айынан бастап Жезқазған қалалық әкімшілігінің басшысы қызметіне кіріседі.

1995 жылдың қазанында Жезқазған қаласының әкімі болып тағайындалған Жұмамәди Ибадилдәұлы біраз жыл Қарағанды облысы әкімінің орынбасары қызметін де қоса атқарды. 2005 жылдың сәуірінде Қарағанды облысы әкімінің кеңесшісі болып тағайындалды. Одан бергі жылдарда Қарағанды облыстық жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, апатты және табиғи апатты ескерту мен жоюды ұйымдастыру жөніндегі басқармасының бастығы міндетін де атқарды. 2013 жылы еңбек демалысына шыққан.

Өмір жолы көпке үлгі азаматқа арналған «Жезқазғанның Жұмамәдиі» атты естеліктерден, мақалалар мен арнаулардан тұратын кітаптың жоба жетекшісі – қала әкімі Қайрат Әбсаттаров. Ал жауапты редакторы – Қазақстанның Құрметті журналисі Базарбай Әлеуханұлы.

**Өз тілшіміз**

## ҚР ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІ және МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАУЫНА ҚАТЫСАТЫН САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабы 3-тармағына сәйкес, «Saryarqa» газетінің редакциясы ҚР Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының сайлауына қатысатын партиялардың (бұдан әрі – Партиялар) сайлауалды үгіт материалдарына ақылы негізде орын беретінін хабарлайды және сайлауалды үгіт материалдарының төмендегідей бағасы мен оларды газетке орналастыру шарттарын, орын беру тәртібін жариялайды:

– ақылы материалдың көлемі шаршы сантиметрмен есептеледі;

– газеттің бірінші бетіне орналастырылатын сайлауалды үгіт материалының көлемі 400 шаршы сантиметрден аспауы тиіс;

– партиялардың сайлауалды үгіт материалдарына орын беру материалдардың редакцияға келіп түсу ретіне қарай түзілетін кезек арқылы жүзеге асады;

Партиялардың сайлауалды үгіт материалдарын орналастырудың әр шаршы сантиметрі үшін алынатын төлем мөлшері: **1-бет үшін – 250 теңге;** түрлі-түсті беттер үшін **– 200 теңге;** ақ-қара түсті беттер үшін – **100 теңге.**

**«САРЫАРҚА ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС**




## SARYARQA-АҚПАРАТ

### «NUR OTAN» МӘЖІЛІС САЙЛАУЫНА КАНДИДАТТАРДЫ БЕКІТТІ

***«Nur Otan» партиясының кезектен тыс XX съезінде партиялық тізіммен Мәжіліс депутаттығына кандидаттар бекітілді.***

Партиялық тізім 126 кандидаттан тұрады. Олардың ішінде 77 кандидат партияішілік праймериз қорытындысы, ал 49 адам орталық партиялық квота бойынша анықталды.

Кандидаттардың жалпы тізімінде Парламент Мәжілісінің қызметтегі депутаттары 20%-тен аспайды, мемлекеттік басқару саласының өкілдері – 13%, білім және денсаулық сақтау саласы – 12%, үкіметтік емес ұйымдар – 9% және өнеркәсіп – 8% болды.

Сондай-ақ, экономистер – 28%, заңгерлер – 20%, кәсіпкерлер – 17%. Ал 21 үміткердің ғылыми дәрежесі бар, оның ішінде 10-ы – ғылым докторы, 11-і – ғылым кандидаты.

Тізімнің үштен бірі – әйелдер. Кандидаттардың орташа жасы бұрынғы партиялық тізімдермен салыстырғанда 4 жылға төмендеп, 48 жас болды.

Кандидаттардың қатарында Дариға Назарбаева, Үкімет басшысы Асқар Мамин, «Nur Otan» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Бауыржан Байбек, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының төрағасы Ахметжан Есім, мәжілістің қазіргі спикері Нұрлан Нығматуллин, ҚР Президент Әкімшілігінің жетекшісі Ерлан Қошанов сынды танымал азаматтар бар.

### Айқын ҚОҢЫРОВ: «ПАРТИЯ УАҚЫТ ТАЛАБЫНА САЙ ҚЫЗМЕТІН ЖАЛҒАСТЫРАДЫ»

***Қазақстан халық партиясының да кезектен тыс XVI съезі өтті.***

Жиын барысында Парламент Мәжілісі және мәслихаттар депутаттарының сайлауына қатысу, сайлауалды бағдарлама, республикалық сайлауалды штабты құру, депутаттыққа кандидаттардың партиялық тізімі қаралды. – Партияның 2021 жылғы 10 қаңтардағы Парламент Мәжілісі және мәслихаттар депутаттарын сайлауға қатысуы туралы ұсыныс енгізіліп отыр. Есепті кезеңде халықтың қолдауы тұрғысында партия өзінің брендін өзгертті, яғни Қазақстан коммунистік халық партиясынан Қазақстан халық партиясы деп аталды. Біз уақыт талабымен алға қарай ілгерілеуге ниеттіміз және осыны дұрыс қадам деп есептейміз. Осы орайда ел халқы біздің бастамаларды қолдайтынына сенімдіміз, – деді партия төрағасы Айқын Қоңыров.

Оның айтуынша, фракция үнемі партиялық ұстанымдар аясында қызмет етіп, халық мүддесіне сай жұмыс істеді. Осы орайда ол партия қызметі жер ресурсы, табиғи байлықты ел игілігіне пайдаланылуына негізделгенін атап өтті.

– Біздің Парламенттегі фракция ауқымды болмаса да, атқарған жұмысы елеулі. Өткен бес жылда фракцияның 92 отырысы өткізілді, 300-ге жуық депутаттық сауал жолданды. Елді мекендерге 664 жұмыс сапары жасалып, халықпен 1450 кездесу болды. Үш мыңнан астам жеке әрі заңды тұлғалардың өтінімі қаралды», – деді А. Қоңыров.

Еске сала кетейік, биыл қараша айында Қазақстан коммунистік халық партиясының атауы өзгеріп, ребрендинг жасалды. Енді Қазақстан халық партиясы деп аталатын болды.

### ӘРБІР СЕГІЗІНШІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ВОЛОНТЕРЛІК ШАРАҒА ҚАТЫСҚАН

***Қазақстанда бір жылда республикалық орталықтар арқылы 140 мыңнан астам волонтер еңбекке тартылды. Әрбір сегізінші қазақстандық қандай да бір волонтерлік қызмет түріне атсалысқан. Бұл туралы «Birgemiz» республикалық еріктілер фронт-кеңсесінің басшысы Татьяна Миронюк IX Азаматтық форумда айтты.***

– Биыл Волонтер жылы жарияланды және «Birgemiz» республикалық фронт-кеңсесі құрылды. Кеңсе бірыңғай алаң ретінде республика бойынша еріктілер легінің қызметін реттейді. Бұл бір ғана орталық емес, барлық өңірлерде ішкі саясат басқармалары жанынан өңірлік орталықтар құрылған (...) Өңірлік орталықтардың деректеріне сүйенсек, бір жылда республика бойынша 140 мыңнан астам волонтер тартылған. Бейресми дерек бойынша әрбір сегізінші қазақстандық қандай да бір волонтерлік қайырымдылық шараға қатысқан, – дейді Татьяна Миронюк.

Сонымен бірге, спикер пандемия мен қатаң карантиндік шаралар кезінде республикалық кеңсе мен еріктілер ұйымдарының уақытылы және жедел көмек көрсету үшін өз қызметін қайта құрғанын айтты.

– Біз бір ресурстарды бөлуде, еріктілерді жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуде тікелей көмек көрсеттік. Мәселен, бір ғана республикалық орталық қажетті көмектің 180 млн-нан астам қосымша ресурстарын таратуға көмектесті, – дейді Т.Миронюк.

Айта кетейік, 2020 жыл ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Волонтер жылы деп жарияланды. Елімізде 290-ға жуық волонтерлік ұйым және 50 мыңнан астам белсенді еріктілер жұмыс істейді.

### ҚАРАҒАНДЫЛЫҚТАР SAILAU09.kz САЙТТАҒЫ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНЕН ӨЗДЕРІН ТЕКСЕРЕ АЛАДЫ

***Қазақстанда 2021 жылы 10 қаңтарда Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауы өтеді. Қарағанды облысының тұрғындары өздерін сайлаушылар тізімінен осы мақсат үшін арнайы құрылған sailau09.kz сайтынан тексере алады. Сайттың нұсқасы көру қабілеті нашар адамдарға да қолжетімді.***

Егер интернет арқылы сайлаушылар тізімінде өзіңізді тексеру мүмкін болмаса, Senim109 бірыңғай үйлестіру орталығына қоңырау шалуға болады. Операторға өзіңіздің ЖСН немесе жеке куәлігіңіздің нөмірін көрсету қажет. Мұнда сізге сайлау учаскесінің қайда екендігі туралы айтылады.

Орталық сайлау комиссиясы қазақстандықтарды азаматтық ұстаным танытуға және алдағы сайлауға жауапты қатысуға шақырады.

Естеріңізге сала кетейік, дауыс беру кезінде 18 жасқа толған азаматтар белсенді сайлау құқығына ие.

## ӘКІМ ГРАНТЫ

# ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРГЕ НАҚТЫ КӨМЕК

***Мысты шаһар басшылығы жастарға қолдау танытудан аянып қалған емес. Соның бір дәлелі – «Ең үздік бизнес жоба» байқауы. Осымен үшінші рет ұйымдастырылып отырған байқауға биыл 26 жоба келіп түскен. Оның үшеуі ауыл шаруашылығын өркендетуге бағытталса, төртеуі тігін, тағы үшеуі білім саласы бойынша әзірленген. Ал 4 жоба өндіріс саласын дамытуға арналса, 3 жоба сән, 3 жоба кондитерлік, 2 жоба клининг орталығын ашуды мақсат тұтқан. Фото-видео салонын ашу бойынша 2 жоба, гүлзар ашуға 1 жоба және қызмет көрсету және шармен безендіру кеңсесін ашу саласы бойынша 1 жоба ұсынылды.***




– 26 жоба арасынан қазіргі таңда аса сұранысқа ие тұрғындар үшін қажетті әрі тиімді саналатын 7 бизнес, жобаны іріктеп алдық. Аталған жобаға қатысуға былтыр 15 өтініш келіп түссе, бүгінде олардың саны әлдеқайда артқан. Жаңашыл бастамаларға ие жастар қатары артқаны қуантпай қоймайды. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан жеңімпаздарымыз алдағы уақытта да қаламыздың өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп, биік белестерді бағындыра берерiне сенемін. Қаламызды да, мемлекетіміздің де кемесін өрге тартар ол – жастар. Ендеше, жезқазғандық жас кәсіпкерлер, қадамдарыңызға ақ жол тілеймін,– деген қала әкімі Қайрат Әбсаттаров жеңімпаздар есімін атады.

Облыс әкімдігінің 1000000 теңгелік грантын «Графикалық дизайн мектебі» жобасының авторы Айгерім Бапанова мен «8 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға арналған бағдарлау мектебі» жобасының авторы Темірлан Тілеукен жеңіп алды. Ал, қалалық конкурста үздік деп танылған «Cleaning Master» (кленинг мастер) клининг орталығын ашу» жобасының авторы Сұлушаш Еркенова мен «Magan kelmedi» (маған келмеді) комиссиялық дүкені жобасының авторы Жұлдызай Әлімжанова 500 000 теңгелік сертификаттар табысталды. Ал 700 000 теңгелік сертификаттар «Экологиялық таза ағаштан жасалған эксклюзивті балалар жиһазын шығару» жобасының авторы Сымбат Садықов пен «Мансап және кәсіптік бағдар беру орталығы» жобасының авторы Арман Кенжебековке және «Бейнебаян түсіру қызметін дамыту» жобасының авторы Жансая Төлеутаеваға бұйырды. «Саумал орталығын ашу» жобасының иесі Жәния Бердіхановаға 1 000 000 теңгелік сертификат бұйырса, «Сандық бағдарламалық басқару арқылы пенопласт кесетін шеберхана ашу» жобасының авторы Әлімхан Рүстемов 1 400 000 теңгені жеңіп алды.

– Менің негізгі мамандығым – энергетик. 2015 жылы «Рүстемов» деп аталатын жеке кәсіпкерлік орталығымды ашқан болатынмын. Осылайша пенопласпен қаптау қызметін көрсетіп жүрдік. Бүгінгі таңда пенопласт құрылыс саласында өте қажетті материал. Ол сапалы әрі қолжетімді және экологиялық таза өнім. Жезқазған қаласы жастар ресурстық орталығының бастамасымен «Ең үздік бизнес жоба» байқауының ұйымдастырылып жатқанын естіп, қатысуға бел будым. Осылайша жолым болып ең жоғары қаржылай қолдауға ие болдым. Бұл грантқа Ресейден пенопласт кесетін станок алмақпын,– дейді ол.

Білім саласы бойынша жүлдегерлердің бірі – Арман Кенжебеков.

– Халықаралық «Edtech» ұйымының зерттеуінше елімізде жұмыссыз жүргендердің 75 пайызы мамандықтарын өз қарым-қабілеттеріне қарап емес, ата-ананың қалауымен таңдағандар екен. Бүгінгі таңда жастар, соның ішінде, жоғары сынып оқушылары, мектеп бітіруші түлектер өмірлік таңдау саналатын мамандық мәселесінде жөн сілтейтін жолбасшы таппай сергелдеңге түсетіні жасырын емес. Соның бәрін ескере отырып, көптен бері қаламызға консультациялы-диагностикалық орталық қажетін ойлап жүрген едім. Көп ойлана келе, мен де бақ сынаймын деп шештім. Соған сай жобаны 900000 теңге көлеміне шақтай ұйымдастырдым. «Kasip» онлайн платформасының мүмкіндіктерін пайдалануда ойда бар. Мамандық таңдаудан резюме жазып жұмысқа орналасуға дейінгі қажетті көмектерді ұсынатын аталмыш орталық 3 жасты жұмыспен қамтитын болады, – деген Арман Қуандықұлы жас кәсіпкерлерге мол мүмкіндік тудырған қала басшылығына айрықша алғысын білдірді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

***Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров, қалалық мәслихаттың хатшысы Советбек Медебаев қатысқан қоғамдық кеңестің кезекті отырысына Дархан Мұхан төрағалық етті.***

# ЖОЛ АПАТЫНЫҢ АРТҚАНЫН СЫНҒА АЛДЫ




Қоғамдық кеңес мүшелері алғаш болып Жезқазған қаласы ПБ басшысының бірінші орынбасары Аманжол Кәрімовтің есебін тыңдады. Ол баяндамасына қаладағы жол-көлік апаттарының жиілігі мен алдын алу бағытында атқарылған жұмыстарды арқау етті.

– Биыл 10 айда Жезқазған қаласында 30 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Онда 8 адам қаза тауып, 40 адам түрлі дәрежедегі жарақат алды. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда жол-көлік оқиғаларының саны 20%-ға артқан. Жүргізілген талдаулар нәтижесінде жол-көлік оқиғаларының 70%-ы Жезқазған қаласының жолдарында, қалғаны облыстық автожолдарда орын алған. Облыстық автожолдарда 9 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, онда 9 адам жарақат алып, 5 адам қаза тапты. Оның ішінде Жезқазған-Қарағанды тас жолында: екі, Жезқазған-Малшыбай тас жолында бір, Жезқазған-Сәтбаев бағытындағы тас жолында екі адам қаза тапқан, – деген Аманжол Кәрімов жол-көлік оқиғаларына жылдамдықты асыру, бағдаршамның қызыл түсіне жүру, жолдың қарама-қарсы бетіне шығу, маневр жасау талабының сақталмауы себеп болғанын айтты. Жаяу жүргіншіні басу фактісі де көбейіп тұр. Биыл жүргізушілер 10 жаяу жүргіншіні басқан деген дерек бар.

Жол-көлік оқиғаларын азайту мақсатында қала жолдарында «Автобус», «Жаяу жүргінші», «Назар аудар, бала» акцияларын өткізіп, елді-мекен тұрғындарымен малды жол маңайында бақпау туралы түсіндірме жұмыстарын жиі жүргізетінін алға тартқан полиция полковнигіне қалада орнатылған 222 бейнебақылау камерасының бар күшін пайдалану қатаң тапсырылды. Өкінішке орай бүгінде орнатылған бейнебақылау камералары жолда жасалған әкімшілік құқық бұзушылықты автоматты түрде тіркемейді. Әзірше тәртіп сақшылары қаладағы көлік қозғалысын монитордан бақылап, ережені бұзғандар туралы фактіні жол-көлік полициясына рациямен хабарлауға мәжбүр.

Қалаішілік жолдарда жол белгілердің аздығы жолдағы қауіпсіздікті төмендететінін алға тартқан қала басшысы жергілікті полицияға тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, автомобиль жолдары мен жолаушылар көлігімен бірге нақты ұсыныстар беруді тапсырса, қоғамдық кеңес полиция басқармасына облыстық департамент арқылы жол сақшыларын қажетті қондырғылармен жабдықтауды ұйымдастыруды сұрады.

Пәтер иелері кооперативтерінің жылыту маусымына дайындығы, жылыту маусымы кезіндегі жұмысы және мүлік иелері бірлестігі жүйесіне көшу барысы туралы баяндамаған қалалық тұрғын-үй инспекциясының басшысы Алиса Сағымбаеваның есебі қабылданбады. Қала тұрғындары әлі де МИБ-тің ПИК-тен қандай артықшылығы барынан бейхабар екенін алға тартқан қоғамдық кеңес мүшелері ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ширату қажеттігін жеткізді. Сонымен бірге, отырыста қоғамдық кеңестің жұмысына қатыспайтын, белсенділігі төмен мүшелерді қоғамдық кеңес құрамынан шығару ұсынылды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020 ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

# БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

### *онлайн-кездесуде сөз болды*

***Жезқазған қаласында шағын және орта бизнесті дамыту және кәсіпкерлерді қолдау – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі. Осы ретте қала әкімі Қайрат Әбсаттаров «ZOOM» платформасында «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Жезқазған қалалық филиалының директоры Жүрсінбай Лекеров және Қарағанды облысы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өңірлік кеңесінің мүшесі Николай Распопов, сондай-ақ, бөлім басшыларымен кездесу өткізді.***

Бүгінде қала халқының 14 000-нан астамы жеке кәсіпкерлік субъектілерінде жұмыс істейді. Бұл дегеніміз – экономикалық белсенді халықтың үштен бір бөлігін құрап отыр. Қала экономикасындағы шағын орта бизнес үлесі 16 пайызды құрайды. Бұл көрсеткіш былтырғымен салыстырғанда бір пайызға ғана артқанын көрсетіп отыр. 2020 жылдың 1 қарашасына дейінгі есеп бойынша қазіргі таңда жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 5672-ні құраған. Оның ішінде 1094 заңды тұлғалар үлесіне 1094-і тиесілі болса, 4293-і – жеке кәсіпкерлер үлесінде. Ал қалған 285-і – шаруа қожалықтары.

– Жезқазғанда шағын орта бизнесті қолдауға және дамытуға арналған «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы», «Қарапайым заттар экономикасы», нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламалары жұмыс істеуде. Биыл 46 жобаға 1 млрд 111 млн теңге көлемінде мемлекеттік қолдау көрсетілді. 320 жұмыс орны сақталып, 97 жаңа жұмыс орны қайта құрылды, – деген қала әкімі онлайн жиынға қатысушылардың шағын және орта бизнесті дамытуға қатысты ой-пікірлері мен ұсыныстарын тыңдап, алдағы уақытта бірлесе жұмыс атқаруға шақырды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ТОЛҒАҚТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

### *тұрақты комиссияда сөз болды*



***Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы Советбек Мебедаев төрағалық еткен тұрақты комиссия отырысының күн тәртібінде қалалық білім беру, құрылыс бөлімдері басшыларының есебі тыңдалды.***

2020 жылы білім беру саласына бөлінген қаржы көлемі былтырғыдан 2 млрд астам теңгеге ұлғайғанын соның нәтижесінде ұстаздардың айлығы өсіп, білім ошақтарына жөндеу жұмыстары жүргізілгенін жеткізген Жезқазған қаласы білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Гаухар Жақыпбекованың баяндамасынан мектептер мен балабақшалардың материалдық-техникалық базасын нығайту жолында компьютерлер мен модификациялық пән кабинеттерін, IT-сыныптары мен робототехника кабинеттерін сатып алуға, балаларды ыстық тамақпен қамту мен тегін жол жүруді ұйымдастыруға да қомақты қаржы жұмсалғаны айтылды.

Сонымен бірге, ол білім саласы деңгейін жоғарлатуды тежейтін мәселелерді де тізбектеді. Қазіргі таңда білім бөлімі орыс сыныптарында бастауыш сынып мұғалімдері, биология, химия мен математика, тарих, информатика, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің тапшылығын сезініп отыр. Сондай-ақ, балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен 100 пайызды қамту да мүмкін болмай отыр. Жезқазғандық оқушыларға өнер мектебі таршылық ететіні тағы бар. Маман тапшылығын түбегейлі шешу үшін Қарағанды қаласынан жас мамандар тартуды ұсынған Гаухар Нәбиқызы баспана мәселесі барын жасырмады. Осы ретте сөз алған қалалық мәслихаттың депутаты Светлана Жумкина «Сұранысқа ие мамандық иелерін сырттан шақырмай, Жезқазғаннан түлетуіміз керек» деген пікірді ұстанды. Жалпы, тұрақты комиссия отырысында мәслихат депутаттарының білім бөлімі жұмысына көңілі толмайтындарын байқатты.

Светлана Серікбайқызы қаладағы мектеп пен балабақшалардың бүгінгі жайын тексеру үшін арнайы құрылған уақытша комиссияға жетекшілік еткен. Комиссия мүшелері білім ошақтарын жөндеу барысында жіберілген олқылықтардың куәгері болыпты. №21 орта мектептегі жөндеудің сапасы мен аяқталу мерзімі сақталмағанын нұсқаған депутаттар №5 «Тамаша» бөбекжайының терезесін қақаған қыста ауыстырып жатқанына да наразылық білдірді. «Қыстың көзі қырауда жөндеу жұмыстарын бастауды құп көрмейді. Сапа туралы айтып жатудың өзі артық. Сондықтан, үнемделген қаржы есебінен қыс пен күзде жөндеу жүргізуді тоқтатыңыздар. Мұндай мезгілде ақша үнемделсе, мектепке қажет компьютер сатып алыңыздар» деген облыстық мәслихаттың депутаты Бауыржан Шыңғысовтың ұсынысын өзге әріптестері де қолдады. Білім ошақтарының абаттандырылуы, суару желілерінің жоқтығы айтылған жиында қала мектептерінде еңбек етіп жүрген 94 зейнеткер ұстаздың ізін жалғар жастарды тәрбиелеу жайы да қызу талқыға түсті.

Келесі болып мінберге шыққан Жезқазған қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Мәруа Келмағанбетованың баяндамасын депутаттар бастатпай жатып сынның астына алды. Халық қалаулылары үш жылдан бері жалғасып келе жатқан «қазба» жұмыстарына шүйлікті.

– Жезқазғанның ауыз су желілері ескіргенін білеміз. Оны жаңартып жатқандарыңыз да құптарлық. Дегенмен, Сіздердің жұмыстарыңызда жүйе жоқ. Бүгін ТҮКШ бөлімі жөндеген жолды ертең құрылыс бөлімі өткізген конкурс нәтижесінде мердігер қазып, құбыр салады. Құбыр салу техникасын ешкім қадағалап, бақылап жатқан жоқ. Мемлекеттік қаржы мақсатсыз жұмсалды деген осы. Неге бүгін салынып, ертең қазылған жолдың миллиондаған ақшасына балалар ойын алаңын салмасқа?, – деп батыра сөйлеген Бауыржан Қабденұлы «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында 53 тұрғын үйдің жөндеуіне бөлінген қаржы мақсатты жұмсалғанына шүбә келтірді.

Мемлекеттік мекемелерге жіберілген ұсыныстар мен сұрақтарға уақытылы әрі нақты жауап келмейтінін айтқан мәслихат депутаттары қала әкіміне хат жолдайтын болды. Тұрақты комиссия отырысынң күн тәртібіне шығарылған жоғарыдағы мәселелер кезекті сессия отырысында тағы қаралады деп шешілді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЛЫМЫ

# ЕЛ МҮДДЕСІ ЖОЛЫНДА

***Тәуелсіздік алған уақытымыздан бастап Қазақстан саяси және экономикалық бағытта қол жеткізген жетістіктерге мемлекеттік басқару жүйесінде жергілікті өкілетті органдардың алатын орны ерекше. Былтыр 2019 жылы Қазақстанның жергілікті өкілетті органдары – мәслихаттардың құрылғанына 25 жыл толды. Мәслихаттар институты жергілікті жердегі демократиялық мүмкіндікке кеңінен жол ашатын органдардың бірі болып отыр.***



Осы жылдар ішінде тұрғындардың әл-ауқатын жақсартудағы, экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асырудағы әр шақырылымдағы жергілікті өкілді органның қосып отырған үлесі зор.

Халық қалаулылары тұрғындардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына бағытталған көптеген істердің басы-қасында болып, атқарылған жұмыстардың дұрыс шешімін табуға және нақтылы орындалуына септігін тигізуде.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан халқына арнаған кезекті «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауын жариялады. Жолдауда өте маңызды мәселелер көтерілді. Президентіміз экономикалық өсімді қалпына келтіру, халықтың әл-ауқатын арттыру, саяси реформаларды жалғастыру мәселелеріне жан-жақты тоқталып, мәслихаттардың өкілеттіктерін кеңейту қажеттілігін атап өтті. Оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары болып саналатын жиындар мен жиналыстардың мәртебесін арттыруға, мәслихаттардың тексеру комиссияларының рөлін күшейтуге, мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы құзіреттерді бөлуге, мәслихаттарға өңірді дамыту бойынша немесе ондаған жылдар бойы өз шешімін таппаған жергілікті проблемалар бойынша қол жинау және петиция жасау функциясын беруге баса назар аудартты. Сонымен бірге, мәслихаттар нақты шешімдер қабылдаған кезде олардың өзекті мәселелер туралы пікірі ескерілетіні, мәслихаттың құзіреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі, депутаттардың құқықтық жағдайы заңмен белгіленетіні де айтылды.

Барлық алты шақырылымдағы Жезқазған қалалық мәслихатының депутаттары өз сайлаушыларының тапсырыстарын мұқият қарап, орындалысын бақылауға алып, тұрғындардың көтерген мәселелерін шешуде белсенділіктерін танытып келеді. Қалалық мәслихаттың депутаттары бекітілген кестеге сәйкес апта сайын сайлаушыларды жеке мәселелері бойынша қабылдайды және сайлау округтарында тұрғындармен есеп беру кездесулерін өткізеді.Депутаттар өздерінің депутаттық міндеттерін қоғамдық негізде, яғни негізгі жұмыстарынан қол үзбей жүзеге асырады.

Мәслихат шешімдерінің орындалуы бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесінде қалада білім беру, медициналық мекемелерде жөндеу жұмыстары жүргізілді, техникалық жабдықтармен қамтамасыз етіліп, материалдық базалары нығайтылып, дамуда. Сонымен қатар, қаланың жолдарын, көшелерін жақсарту бойынша жұмыстар жүріп жатыр.

Мәслихат сессияларында депутаттар қаланың жылдық бюджеті,оның өзгертулері мен толықтырулары бекітіліп, басқа да өзекті мәселелерді шешуде атсалысып, қаланың даму бағдарламасының орындалуын қадағалайды. Бюджеттің түсімін өсіру,оның дұрыс бағытта тиімді жұмсалуын қадағалау,жіберілген кемшіліктерді дер кезінде түзетуге ұсыныстар енгізу депутаттар үшін негізгі бағыт болып отыр.

Жезқазған қалалық мәслихаты өз қызметін атқарушы органмен, кәсіпорындар және қоғамдық ұйымдармен байланыса отырып, бірлесіп жұмыс атқарады. Депутаттар ведомствоаралық комиссия құрамына енгізіліп, отырыстарға қатысады.

Билік пен халықтың арасындағы алтын көпірге айналған мәслихаттың жұмысы мен халық қалаулыларының атқарған істері үлкен, сондай-ақ, мәслихат – билік пен халық арасында шынайы дәнекер, алтын көпір бола беретініне сенім білдіремін.

Жезқазған қалалық мәслихаты атынан облыстың, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестері үшін қалалық мәслихат депутаттарына, сайлаушыларға, қала тұрғындарына шексіз алғысымды білдіремін.

Тәуелсіздік – мемлекетіміздің, халқымыздың ең қасиетті мерекесі. Тәуелсіздік – ұлтымыздың алтын қазынасы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бағдары, кемел келешегіміздің кепілі. Халық бірлігін негізге ала отырып, тарихи қысқа уақыт ішінде әлем алаңында көптеген ұлттың өкілі бірлікпен, татулықпен өмір сүріп жатқан баянды да ілгері қарыштайтын мемлекет пайда болды. Еліміз құқықтық, дербес демократиялық мемлекет ретінде әлемге танылды. Көк байрағы желбіреген абыройлы, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің тәуелсіздігі баянды болсын!

**Советбек МЕДЕБАЕВ,**
**Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы**

***«Татулық – табылмас бақыт», «Күш – бірлікте», «Бірлік – түбі тірлік» деген халық даналығында бұлтартпас шындық жатыр. Абай атамыз «Татулықтан артық жолдас жоқ» десе, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ, басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды» деген сөзі өткені мен бүгінгі тарихымызды ұштастырып отыр.***

# ХАЛЫҚТЫҢ ҚУАТЫ – БІРЛІКТЕ



Шындығында, Тәуелсіздіктің тұғырлығы үшін мемлекеттің негізін қалаушы ұлт пен ұлыстардың арасындағы тату-тәтті тіршілік, ынтымақтастық пен бірлік маңызды факторға ие екендігі де сөзсіз. Дана халқымыздың «Көптің қолы біріксе көкке жетеді» деген қанатты сөзі бүгінгі күні ақиқатқа айналды. Қазақстан тарих үшін қысқа ғана уақыттың ішінде ядролық қаруды таратпау ісінің көшбасшысына айналып, БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесіне тұрақты емес мүше болып сайланды. Халықаралық биік мінберлерден жаһандық сын-қатерлерге, проблемаларға қатысты сындарлы шешімдер айтты. Ел ішінде де ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихы мен оның сабақтастығы кеңінен дәріптеліп, әлемдік қауымдастық тарапынан мойындалған қоғамдық келісім мен этносаралық төзімділік іргесі қаланды. Сан түрлі этностың баласы Қазақ Елі деп аталатын бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Мұның барлығы да Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жүргізіп отырған саясаттың нәтижесіндегі халық бірлігінің арқасы екендігі даусыз. Ал ұлтаралық татулықтың қазақстандық үлгісі бүгінгі күні әлемдік қауымдастық мойындай бастаған бірегей жол ретінде қарастырылып отыр.

Бір шаңырақтың астында топтасқан, достығы берік, ынтымағы жарасқан тәуелсіз еліміздің басты байлығы – халықтар бірлігі мен достығы. Бірлік — тыныштығымыз бен бейбіт өміріміздің қорғаны. Тағдырдың жазуымен кең қазақ жерін мекен еткен, бүгінде ұрпақ өсіріп, ел игілігі жолында тер төгіп жатқан сан ұлт өкілдері киелі жерімізді өз Отаны санайды. Қоғамдық келісім мен бірліктің, татулықтың арқасында мемлекетіміз өркендеп, ілгері қадам басып келеді.

Ел басына күн туған қилы замандарда да халқымызды ұлт ретінде сақтап қалған ынтымағы мен бірлігі. Еліміз тәуелсіздігін алғанына 30 жыл толғалы отыр. Осы жылдар ішінде халқымыз талай қиындықтарды бастан өткеріп, толымды табыстарға қол жеткізді, биіктерді бағындырды. Дүние жүзіне бейбітшілік пен келісімнің, сенім мен тұрақтылықтың алтын бесігі ретінде танылдық. Кең байтақ Отанымызда өмір сүрген халықтар бақытты болашақтың, тұрақты дамудың тірегі ынтымақ пен бірлікте жатқандығын сезінуде.

Ата Заңымызда атап көрсетілгендей, кез келген ұлт өкілінің құқықтары тең. Конституцияның бірінші бабының өзінде басты құндылық ретінде адам, оның өмірі мен еркіндігі атап көрсетілген. Бүгінде әрбір ұлтқа салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқорлық көрсетілу жалғасуда.

Қазір әлем үлкен өзгерістерді бастан кешіруде. Сол әлемнің бір бөлшегі ретінде Қазақстан осы үдерістерден тыс қала алмайтындығы белгілі. Сондықтан еліміздің әр азаматы өзгерістер мен жаһандық сын-қатерлерге лайықты төтеп беруі үшін ел бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтуға үлестерін қосуы қажет. Сонымен бірге ел Тәуелсіздігін баянды етіп, дамыған отыз елдің қатарына енуді, «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыруды басты мақсаты санауы тиіс.

Біздің күшіміз – бірлікте! Баршамызды жаңа жетістіктерге жігерлендіретін де сол бірлік болмақ.

«Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ» деп Елбасымыз айтқанындай, бірлігіміз баянды, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

**Бекзат АЛТЫНБЕКОВ,**
**ҚР ҚХА мүшесі,**
**Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты**

# БҮГІНГІ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІР және ЖАСТАР



***«Жастар біздің болашағымыз» деген сөз өскелең ұрпақ өкілдерін арқадан қағып, алдарқатып айта салған сыдыртпа сөз емес, шындығы сол. Алдыңғы буын ақырын-ақырын жылжып кетеді, орнын жас буынның дарынды өкілдері басады. Ал тізгін ұстар жастардың қалыптасқан дәстүрді жалғастыра отырып, оны уақыт талаптарына сай жаңғыртып, жаңа сипатты басқару жүйесін қалыптастыруға олардың білім қуаты, жаңаша ойлау қабылеті, іскерлігі қажет екендігі түсінікті.***

Біз ойымызды жастар және олар өмір сүріп отырған саяси-қоғамдық жүйенің өзара қарым-қатынасына қатысты айтып отырмыз. Бұл қарым-қатынасқа айрықша назар аудару маңызды әрі аса қажет мәселе екен. Қоғамдық ғылымда «саяси мәдениет» деген терминнің қолданысқа енуінің себепкері де осы жайт болған. Оның мәнісі түсінікті: жаңа заман жаңаша ойлауды қажет етеді; жан алысып, жан берісіп жатқан жаһандық бәсекеде ескіше ойлау кәдеге жарамайды; ал жаңаша ойлау, тың жобаларды өмірге әкелу жастардың ғана қолынан келеді, өйткені олар алғыр, жалынды, сенімді, батыл т.с.с. Демек, бұл – кез келген мемлекеттің саяси жүйесін құрушыларды, билік басындағыларды ойландырып келе жатқан, ойландыра беретін өзекті мәселе.

Жалпы қоғам, белгілі бір жүйе мен сол ортада өмір сүріп жатқан субъектінің (жеке адам) арасында шекара жоқ. Жасамыстың да, жастардың да сол орта ахуалына қатысы болатыны түсінікті. Бұдан мемлекеттік және қоғамдық психологиялық ұғым саналатын «саяси психология» және адам мен қоғамдық институттар арасындағы қарым-қатынастың белгісі деп бағаланатын «саяси таным» мәселелері шығатыны белгілі. «Саяси мәдениет» – осы ұғымдар шоғырының бір тармағы.

Әлем «дамыған мемлекет», «дамушы мемлекет» және «кедей мемлекет» деген жіктерге бөлініп, жалпы жаһандық жанталас басталып кеткелі қашан. Қазақстан сол бәсекелі жарыстың бел ортасында. Дамудың өркениетті сатысына қарай ұмтылған кез келген мемлекеттің алдында күтпеген өзекті мәселелердің туындап жататыны да бар. Осы мәселелердің шешудің барысында халық пен биліктің, аға буын мен жастардың, бай мен орта дәулеттілердің немесе әлеуетті әлеуметтік топтар мен кедей тұрмысқа құрсауланып қалғандардың арасында дау-шар, өкпе-реніш, ризашылықтың болмауы сияқты көзқарастар туындап жататынын көріп жүрміз.

Айрықша маңызды мәселе – жастар мен қазіргі саяси-қоғамдық жүйе арасындағы қарым-қатынас. Сондықтан жастардың саяси мәдениетін қалыптастырып, тәрбиелеу ерекше назар аударатын жайт болып қала бермек.

Қалаңыз, қаламаңыз, аға буынның өкшесін басып келе жатқан жастар – қоғамның қозғаушы күші. Қазіргі басқару жүйесінің қайсыбір іркіс-тіркіс тұстарын түзеп, жаңа заман тынысына сай өзгертетін де осылар. Біздің өзімшілдігіміз бен өктемдігіміз жас буынның батылдығы мен жаңаруға ұмтылушылығын мойындамай жатады. Бұл – дамуы баяу елдің дерті. Академик, әйгілі математик А.Жұмаділдаевтың: «Қазір ақылды адамдар азайған жоқ, керісінше, ақылды жастарды ұғатын шалдар азайып кетті», – деген сөзі көңілге қонады.

Жастар ақылды. Виртуалды өмір салтына бейім. Белсенділігі де күшті. Бәрі демей-ақ қояйық, көбісі білім мен ғылымның ғана ұшпаққа жеткізетінін түсінеді. Ал осы әлеуетті күшті жүйенің жаңғырып, кемелденуіне белсенді түрде қатыстырып, жаңалептің мүмкіндіктерін пайдалана алып отырмыз ба? Сізді де ойландыратын – осы мәселе.

Шарапат деген ұғым бар. (Шапағат емес, рақым – Алладан, шапағат – Пайғамбардан екенін білесіз). Біз бұл жерде бір адамның екінші бір адамға жасаған қолқайыры, жақсылығы, қамқорлығы туралы емес, қоғамдық жүйенің адамға, әсіресе жастарға жасап отырған шарапаты туралы айтып отырмыз.

Алдымен жастар өмір сүріп отырған қоғамдық ортаның, мемлекеттік жүйенің, биліктің саяси құрылымының оларға деген шынайы мейірімі, шарапаты анық сезіліп тұруы керек дейміз. Жақында әлеуметтік желі парақшасынан (Facebook) мынандай бір оқиғаның болғандығын оқыдым.

Оңтүстік Кореяда болған оқиға. Мектеп бітіруші бала ұйықтап қалып, аса жауапты соңғы емтиханынан қалып қоятын қауіп туады. Емтиханның басталуына 20 минуттай уақыт қалыпты. Үйінен мектепке дейінгі аралық шамамен бес жақырымдай жер. Көлік кептелісі күшейіп тұратын таңертеңгі мезгіл. Қалай шырылдаса да емтиханға үлгермейді. Ақылды бала полицияға телефон шалып, көмек сұрайды. Өтінішті дереу қабылдаған полиция қызметкерлері оқушыны көліктеріне отырғызып алып, дабылды қосып, қалың кептеліс пен бағдаршамдардан тоқтаусыз өтіп, жан ұшырған баланы мектебіне дер уақытында жеткізеді. Оқушы бала емтиханға үлгереді.

Әлгі бала сол күнгі емтиханынан кешігіп қалса, өзінің өмірінің басқа арнаға түсіп кететінін сезген соң жанұшырып шырылдағаны түсінікті. Соңғы үміті полиция көмегі болды. Ол сенімі ақталды. Енді сол бала қысыл-таяң кезде қол ұшын беріп, көмекке келген мемлекеттік жүйесін жан-тәнімен сүйіп, оған адал қызмет етуден басқа жолды таңдауы мүмкін бе? Жоқ, саяси құрылым, саяси жүйе мен оның жас мүшесінің арасында сенім бекіді, серт байланды. Біз сөз етіп отырған жастардың саяси мәдениеті осындай ортада өз жемісін береді. Қоғам мен қоғам мүшелерінің арасындағы сенім – жастардың саяси мәдениетінің тамырланатын топырағы. Бұл жоқ жерде айтып жатқан уағыз-әңгімең, айқайлатып қойған ұраның, бедірейіп тұрған билбордтарың, біріне бірі ұқсаған іс-шараларың тақырға шаша салған дән сияқты. Берері шамалы. Айтпағымыз мынау: жастардың саяси мәдениетін қалыптастырып, бекіту ісінде билік жүйесінің жас буын өкілдері алдында әлеуметтік, адами жауапкершілігі бар, жастар аға буын тарапынан болған сол шарапат-мейірімді сезінуі тиіс. Әрине, бұл пікірді ауызды құ шөппен сүртіп: «Бізде жастарға деген жанашырлық жоқ», – деген оймен айтып отырған жоқпыз. Жастардың шетелдік жоғары оқу орындарында білім алуына мүмкіндіктер туғызған «Болашақ» бағдарламасы, жер-жерде жастар ресурстық орталықтарының ашылуы, еріктілер қозғалысының өрістеуіне жағдай жасау, «Жастар жылы», «Еріктілер жылы» деп айрықша мән берулер, сөз жоқ, жастарға деген мемлекет деңгейіндегі қамқорлық. Алайда мына бір жайт ойландырады.

«Болашақ» бағдарламасымен білім алған жастардың біразы неге Отанына оралмады? Жолын тапқандар неге шетелге кетіп жатыр? Түркиядан үй сатып алу неге үрдіске айналып барады? Алаңдарға жиналып, әлеуметтік жағдайына уәж айтушы топтың арасында неге жастар көп? Сауал жетерлік.

Мәселенің екінші жағы бар. Саяси-қоғамдық орта, мемлекеттік жүйе жастардың тарапынан қандай қозғаушы күш боларлықтай, жаңаша басқару жүйесін ұсынарлықтай жақсылық көріп отыр? Осы тұста жастарымыз ойлану керек.

Мектепте алған орта білімің мен жоғары оқу орнынан алған білімің, өзіңді өзің дамытып, біліміңді жетілдіру жолындағы ізденісің, қоғамды тану қуатың, әлемдік үдерісті бақылап, байыптап, таразыға сала алу қабілетің жетерлік пе? Технократиялық қоғам орнатуға атсалысар білім-ғылым қуатың ше? Мамандық таңдауда қателескен жоқсың ба? Қолыңда – диплом, құлшынып кірісер жұмыс таппай отырсың, неге? Мамандығың бойынша жұмысқа конкурс бойынша қабылданатын болып жатыр екенсің дейік, бәсекелесіңді еңсеріп кетер білімің бар ма? Бұл төңіректе де сауалдар көп. Жастардың саяси мәдениеті деген мәселенің жанды тұстары да осы сауалдар төңірегінде тұрса керек.

Біздің ойымызша, жастар әлемдік ғылымда өзіндік орны бар ғалым ағалары А.Жұмаділдаевтың мына бір сөзін де үнемі жадында ұстауы керек. «Тірі балық теңізде болады. Оны жегің келсе өзің қармақ сал, өзің аула. Неше түрлі дәмдеуіштерді қосып, тойғанша же. Ал өлі балықты, яғни консервіленген балықты кез келген дүкеннен сатып алуға болады. Әлемдік өркениет біздің консервіленген балық болғанымызды қалайды», – дейді көрген-білгені көп ғалым.

Баршамыздың пікіріміз біреу: саяси мәдениет дегеннің өзегі – еліңді сүю, еліңді көркейту. Ал елді сүю, елді көркейту дегеніңіз билікке бару, саясаткер болу ғана емес. Мысалы, әлемді дүрліктірген короновирусты электормагниттік өріс арқылы немесе күн сәулесінің толқындарын түрлі физикалық тәсілдермен бағыттау арқылы жою сияқты тәсілдерді қазақ жігіті ойлап тауып, әлемдік жаңалық ашып жатса, Отанды сүю деген осы. «Ойбай, 5G антеннасы арқылы адамды қырып-жоятын хайуани әрекет жасалып жатыр», – деп байбалам салдық. Ал осыған қарсы тұрарлық қондырғы неге ойлап таппасқа? Қазақтың ғалым қызы осындай қондырғы тауып, жаһанды жалт қаратса, елді сүю деген осы емес пе?

Артықтығы болмас, айта кетейік, қаламыздағы IT бағытында жұмыс істейтін фирмаларды, ЖШС-ді аралап шығыңызшы, сонан соң онда жұмыс істейтін қазақ жастарын санап шығыңыз. Осы шағын кәсіпорындардың нешеуі жергілікті ұлт өкілі саналатын жастарға тиесілі екенін де біле салыңыз. Біз ұлтқа бөлінейік деп отырған жоқпыз, ұрымтал тұс пен ұтылатын жерімізді бажайлап алайық деген ойымызды ортаға салдық. Жаңа технологиялар ғасырының шарты өзгеше және тым қатал екенін түсіндік. Алдымызда – АҚШ, Жапония, Қытай. Екпіндеп, ентелеп келе жатқан мемлекеттер қаншама. Шынымен, біз қай тұста жүрміз? Саяси жүйені де, жасампаз жастарды да осы ойландыруы керек.

«Саяси мәдениет» дегеніміз – термин. Оның ішкі мәні – Отанды сүю, елді олжалы күндеріне жеткізуге атсалысу. Ақыл айтып кетті демессіз, біздің ойымыз осындай.

**Ғазиз ЕШТАНАЕВ,**
**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі**

## 1 ЖЕЛТОҚСАН – ҚР ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІ

***Орталық Азия төрінде алғаш болып бейбітшілік пен өзара түсіністіктің берік қамалына айналған егеменді еліміз бүгінде барша әлем елдеріне тұрақтылық пен татулықтың үлгісін көрсетіп отыр. Небәрі ширек ғасырдың ішінде еліміздің іргесі бекіп, шекарасы айқындалып, шын мәніндегі әлем таныған бейбіт ел атанып үлгерді. Бұл берік қамал өздігінен орнай салған жоқ. Қоғамдық күш әулетінің, жекелеген адамдардың ерлік қуатымен жасалып отырғанын көзбен көріп отырмыз. Бұл тарихи өзгерістің жолында тер төгіп, қызмет етіп, бастаушы, атқарушы болып жүрген азаматтар көп. Солардың көшбасшысы Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев десек лайықты да әділ баға болар еді.***

# ХАЛҚЫНА ҚАМҚОР ЕЛБАСЫ



Бүгінде егеменді ел атанып, көрші және әлемдегі үлкенді-кішілі мемлекеттермен тату қарым-қатынас орнатылды. Елбасымыз, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың келешекті болжай білетін айқын саясатының арқасында Қазақстан қоғамы алға қойған барлық мақсат-мүдделеріне қол жеткізіп, биік межелерден көрініп отыр.

Ел ішіндегі татулық пен тұрақтылықтың, Елбасының көрегендігінің арқасында Қазақстан өркендеп, дамып келеді. Билік тізгінін алған күннен бастап Нұрсұлтан Әбішұлы халқын бір атаның баласындай татулық пен түсіністікке, тыныштық пен тұрақтылыққа ұйытты. Еуразияның жүрегіне айналған көрікті Астананы тұрғызды. Оның бастамасымен ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Бүгінде сан ұлт өкілдерінің құтты мекеніне айналған еңселі ел, іргелі мемлекет атануымызда қоғамдық келісімді нығайтуды, бірлікті сақтауды мақсат тұтқан Ассамблеяны құру идеясының маңыздылығын айтып жатудың өзі артық.

Бүгінгі күні еліміз өзінің даму жолы қалыптасқан, бағыт-бағдарын айқындаған, өзге де мемлекеттермен бәсекелесуге қабілетті іргелі елге айналды. Осы егеменді мемлекеттің бір бөлшегі ретінде мен де Елбасының тәуелсіз Қазақстанды өсіп-өркендету жолындағы ізгі мақсат-мұраттарының куәсі болып келемін.

Елбасымыз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ, қандай да бір қиын кезеңдердің өзінде де халықтың әлеуметтік мүддесін жақсартуды назардан тыс қалдырып көрген емес. Әлемнің дамыған мемлекеттерінің өздері қаржы дағдарысына ұшырап, әлеуметтік салаға бөлінген бюджеттік қаржыны азайтып, кей жағдайда еңбекақыларын төмендетіп, тіпті, азаматтары жаппай жұмыссыз қалып жатқанда да, біздің ел жыл сайын әлеуметтік жағынан аз қорғалған адамдарға көрсетілетін жәрдемақы, зейнетақы мен шәкіртақыны ұдайы өсіріп отырды. Бюджеттік сала қызметкерлерінің, соның ішінде мұғалімдер мен дәрігерлердің де жалақылары жыл сайын өсу үстінде болды. Бұл, бір жағынан, еліміздің ұдайы даму үстінде екенін білдіреді. Және Елбасымыз үшін халықтың әлеуметтік жағдайы айнадай анық екенін аңғартады. Елбасының халықтың жағдайымен санасып, әлеуметтің әлеуетін көтеру үшін жасаған маңызды шешімдерінің нәтижесінде халқымыздың жағдайы көтеріліп, әл-ауқаты артып отырғанын қалайша жасырамыз?! Алысқа құлаш сермеп, көз жүгіртпей-ақ 2018 жылдың 5 наурызында халыққа жеткен бес әлеуметтік бастамсы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың халқына деген ерекше қамқорлығы мен жанашырлығының айқын көрінісі.

Бес әлеуметтік бастаманың бірінде әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктері жария етілді. Қазақстанда соңғы жылдары халық саны жақсы өсіп келеді. Демографиялық ахуалымыздың жақсаруы әлеуметтік мәселелердің жеделдете шешілуін қажет етеді. Жыл сайын үйленіп жатқан жастарымыздың қатары толығуда. Ауылдардан қалаға көшіп келіп жатқан жастар легі де жетерлік. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев тұрғын үй ипотекасына қол жеткізу мүмкіндіктерін арттыру үшін өте маңызды қадам жасады. Еліміздегі баспанаға мұқтаж әрбір адам несиеге пәтер алып, оны өздерінің отбасылық бюджетінің мүмкіндіктері аясында төлей алатындай жағдай жасалып отыр. Мұны әлеуметтік саладағы үлкен жеңіс деп бағалауға болады.

Елбасының жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайтудың да халқымыз үшін пайдасы көп. Өйткені, түрлі экономикалық құрылымға байланысты Қазақстанның әр өңірінде жалақы мөлшерінің де бір деңгейде еместігі жасырын емес. Мысалы, мұнай мен газ өндіретін аймақтағылардың айлық жалақыларын еліміздің басқа бір аймағындағы халықтың жалақысымен салыстыруға келмейді. Сондықтан, жалақысы төмен адамдардың айлығынан 1 пайыз ғана салық ұстау төмен жалақы алатындар үшін үлкен қолдау әрі көмек.

Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту мақсатында жатақхана салу, өзін-өзі еңбекпен қамтыған және жұмыссыз тұрғындардың арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін жеңілдетілген шағын несие беру мен елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру басымдықтары да Елбасының қамқорлығын паш етіп тұр . Қызылорда облысының Қараөзегінен Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана бағытында магистральді газ құбырын салу жобасы айтылғанда сеніңкіремеген көпшілік қазір көгілдір отынның қызығын көріп отыр. Міне, істің адамы деген осы!

Тұңғыш Президентінің көрегендігін мойындамағандар кемде-кем бүгін. Ол болашақты болжай отырып еліміздің 2030, 2050 жылдарға дейінгі даму стратегиясын қабылдап берді. Алдағы уақытта осы даму жоспарындағы жобалар да ақиқатқа айналары сөзсіз. Әлі де іске қосылар басқа бағдарламалардың да шарапатын сезінер күн жақын.

Отандастарын алға ұмтылдырып, жарқын болашаққа жол ашқан, халқына тәуелсіздіктің туын ұстатқан Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімі тарих бетіне алтын әріппен жазылды. Талай ғасыр ата-баба арманы болған тәуелсіздігімізге қан төгіссіз жету жолында барлық күш-жігерін аямаған, түрлі ұлтты асқан татулықпен бір тудың астына біріктіре білген Нұрсұлтан Назарбаевтай көшбасшысы бар халқымыз аса бақытты.

**Жәукен БӘЙІШЕВ,**
**Жезқазған қаласының Құрметті азаматы**

# ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫНЫҢ ҰЛАҒАТЫ

**(Соңы. Басы 1-бетте).**

Міне, осы бағдарламадан бастау алған ұлағатты істер Ұлытау төрінде, Жезқазған жерінде де жалғасын тауып, үлкен жобалардың жүзеге асып отырғанын ел көріп отыр. Қасиетті орындардың картасы жасалды. Қасиетті Ұлытау өңірінің жаңаша түлеуіне, туризм орталығына айналуына жол ашылды. «Алтын Орданың 750» жылдығы аясында биыл Жошыхан кесенесіне қайта жаңғырту жүргізіліп, үлкен тарихи кешеннің бой көтеруі де ел мерейін көтерер іс болып отыр.

Ал, Тұңғыш Президенттің осыдан екі жыл бұрын жарияланған «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы еліміздің тарихына деген тәуелсіз көзқарастың жаңа тұжырымдамасы ретінде бағаланды. Бұл – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының заңды жалғасы. Онда ұлтымыздың ежелгі өркениеттегі алар орыны байыппен пайымдалып, баршамызға белгілі нәрселердің өзіне тереңдеп қарай білуді ұқтырады. Елбасы атап айтқандай, біздің жеріміз – материалдық мәдениеттің көптеген түрлерінің пайда болған орыны, бастау бұлағы. Мысалға, атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағанын бүгінде ешкім жоққа шығармайды. Көкше өңіріндегі Ботай қонысында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарында жылқыны тұңғыш рет қолға үйрету энеолит дәуірінде біздің жерімізде жүзеге асқаны дәлелденген. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің негізін қалағаны белгілі. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі көшпенділер әлеміне тән ерекше белгі ретінде қалыптасқан. Оны ежелгі заманнан қалған тастағы мүсіндерден де көруге болады. Металл өндірудің амал-тәсілдері де Ұлы далада ежелден қалыптасқанын мақтанышпен айтуға болады. Көптеген өңірлерде оның белгілері сақталған. Басқа өңірлерді айтпағанда, Орталық Қазақстандағы Атасу қонысындағы, Жезқазған өңіріндегі ерте замандағы тау-кен ошақтары осыны айғақтайды. Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» дала өркениетінің ертедегі мүмкіндігі мен эстетикалық деңгейін әйгілейтін ғажайып дүние. Еліміздің Еуразия құрлығының кіндігіне орналасуы ежелден керуен жолына қолайлы жағдай туғызған. Шығыс пен Батысты, Солтүстік пен Оңтүстікті жалғастыратын сауда және мәдениет желісі ретінде Ұлы Жібек жолы да қазақ даласында қалыптасқаны, алма мен қызғалдақтың алғашқы отаны да біздің жерімізде болғаны осы тарихи-танымдық мақалада тамаша айтылады. Ежелгі «Жібек жолының» Тәуелсіз Қазақстан тұсындағы жаңғыруы ретінде Жезқазған-Бейнеу болат жолы арқылы Шығыстан Батысқа жүк тасымалының жолға қойылғанын қалайша айтпайсыз. Елбасы сонымен қатар тарихи сананы жаңғыртуға қатысты тағы жаңа міндеттер қатарында «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасын, «Ұлы дала» атты ежелгі өнер және технологиялық музейін ашу, мыңжылдық музыкамызды дәріптеп таныту үшін «Дала фольклорының антологиясын» жасау, «Ұлы даланың көне сарындары» жинағын басып шығару қажеттігін алға қойды. Қазақстанды күллі түркі халықтарының қара шаңырағы ретінде кеңінен танытып, насихаттау мақсатында «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» жобасын қолға алуды ұсынған болатын. Осы ауқымды шаралардың кейбіреуі там-тұмдап қолға алынғанымен әлі де толықтай жүзеге аса қойған жоқ. Негізінде, «Рухани жаңғыру» аясындағы «Ұлы даланың жеті қыры» ұлттық ерекшелігімізді әйгілейтін, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат болып табылады. Бұл бағыттағы жұмыстардың әлі де жалғасы анық.

Жалпы Елбасының қай бағдарламасын алып қарасаңыз да ел мәртебесі мен ұлт рухын асқақтатар ұтқыр пайымдар мен терең тұжырымдарға толы екенін көреміз. Ел дамуының басты міндеттері де жан-жақты қамтылып, өркендеудің өміршең жолдары нақты алға тартылады. Қай бағытта болмасын жүрер жолымызды, атқарар ісімізді тайға таңба басқандай айқындап берді. Ұлт көшбасшысының ұлағаты мен ұстынды жобалары бізге әлі де талай жылға азық болары сөзсіз. Мәңгілік елдің жарқын болашақтағы ұлы мұраттары да осы міндеттермен тығыз өзектес.

**Амандық РАХҰЛЫ**

# ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҰҢҒЫШ ЖАРЛЫҒЫ




***1991- дің 16-желтоқсанында Тәуелсіздік туралы Конституциялық Заң қабылданды. Біз әлемге өзіміздің дербес мемлекет екенімізді жарияладық. Келесі жылы Құдай қаласа Тәуелсіздік Туы желбірегеніне 30 жыл толады.***

Бұл кезде Кеңес Одағының күнінің біткеніне еш күмән қалмаған еді. Өйткені, соның алдында ғана Ресей, Украина, Беларусь басшылары Беловежье орманында оңаша бас қосып, ақырында, Ельциннің АҚШ Президенті Дж. Бушқа (үлкеніне - **авт**.) «Советского Союза больше нет» деп, сүйіншілегені де тарихқа айналған еді. Бірақ, халық Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялайтын күнді күтіп жүрді. Сол күн қазаққа 16 желтоқсан болып жетті.

Ертесіне Алматыдағы қазіргі республика алаңында Тәуелсіздіктің жариялануына байланысты үлкен митинг болып өтті. Бұл теледидардан тікелей берілді. Түскі үзіліс кезінде телеарнаны қосып қалсам, митингтен репортаж беріп жатыр екен, өкінішке орай, басталып кетіпті. Митингіде Олжас Сүлейменовтің, Мұхтар Шахановтың, Серік Әбдірахмановтың сөз сөйлегендерін көрдім. Олжекең сөзінде «Түнгі сағат екіде маған Түркияның елшісі телефон шалып, Тәуелсіздігімізбен құттықтады. Түркия біздің Тәуелсіздікті бірінші болып мойындады» дегені есімде. Бұл туралы неге жазып отырмын. Өйткені...

Сол кезде Алматы қаласын Заманбек Нұрқаділов басқаратын. Ол кісі митингтің ұйымдастырушысы әрі басқарушысы болғаны белгілі. Бұл туралы өзінің ақырғы сұхбаттарының бірінде нақтырақ айтып та берген екен. Мұны мен ол өмірден өткесін жекеменшік газеттердің бірінде , атын ұмытып қалыппын, жарияланған «Заманбек Нұрқаділовтің соңғы сұхбатынан» оқыған едім. Бұл сұхбатында Зәкең саясатқа еш қатыссыз дүниелерді қозғаған. Мысалы, Алматыда прописка тәртібін қалай жойғанын, Роза Бағлановаға қалай «өтірік» машина сыйлағанын, т.т.жәйттерді сөз еткен. Соның бірі халқымыздың айтулы перзенті, дара композитор Шәмші Қалдаяқовқа Халық әртісі атағын алып беруге қандай ықпалы тигенін де айтады. Зәкеңнің сөзімен айтқанда, бұл былай болған екен.

– Он алтысында кештетіп Тәуелсіздік жариялаған соң, ертесіне қаланың басты алаңында үлкен митинг жасауды ойластырдық. Бұл ойымды Нұрекең де құптады. Халық тез құлақтанып үлгерген екен, алаң халыққа лық толды. Митингті өзім қысқаша сөз сөйлеп аштым, содан соң Нұрсұлтан Назарбаевқа сөз бердім, – деп еске алады Зәкең сол күнді әлгі сұхбатында. Одан соң Олжастың, Мұхтардың және тағы басқалардың сөз сөйлегендерін айта келіп:

– Митинг аяқталуға жақында ешкім күтпеген бір оқиға орын алды. Біз мінберде Нұрсұлтан Әбішұлы екеуміз қатар тұрғанбыз. Кенет арқа жағымыздан әлдебіреу екеумізді екі жаққа итеріп, ысырды да микрофонға жармасып, барылдаған даусымен «Алтын күн аспаны» деп әндете жөнелмесі ма? Әнге алаңға жиылған күллі халық қосылды, біз де қосылдық. Алаң әнмен тербеліп тұрды. Тәуелсіздіктің таңы атып жатқанда бұл деген жанымызды керемет толқытып жіберді. Ал, әлгі «тентек» кәдімгі Амантай қажы екен – деп, Зәкең сөзін бір түйіп тастайды.

Митинг бітіп, мінберден түсіп келе жатқанда Нұрекең Зәкеңе қарап:

– Заманбек, рахмет! Тамаша ұйымдастырған екенсің.Қандай керемет болды. Әсіресе, митингті әдемі әнге ұластырып жібергенің тіпті тамаша болды – дейді. «Сол кезде Нұрекеңнің жүзіне қарап едім, шын риза болғаны сонша жүзі алаулап, жанып тұр екен» дейді Зәкең сұхбатында.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, лебізіңізге рахмет! Ал, Сіз әлгі әннің кімдікі екенін білесіз бе? – деп сұраған Заманбекке «Мынау не деп тұр?» дегендей таңдана қараған Нұрекең

– Е, неге білмейді екенмін? Білемін. Бұлд бәрімізге қадірлі Шәмші ағамыздың әні емес пе? – дейді ештеңе түсінбеген қалпында.

– Ендеше, ол ағаңыз ауруханада, хәл үстінде жатыр» деген Заманбектің сөзіне:

– Мұны білмейді екем. Сонда менің тарапымнан қандай көмек керек? – деген Нұрекең де шын ықыласын сездіре, қолынан келетін көмегін аянып қалмайтынын аңғартады.

Сонда Зәкең :

– Қазір Шәкеңнің өмірі алдымен Алланың, сосын дәрігерлердің қолында. Сіз бұ жағынан о кісіге көмектесе алмайсыз – деп, сөзіне сәл үзіліс жасайды. Оның не айтпақ ойы барын түсінбеген Нұрекең:

– Енді сен анығын, ашығын айтсай. Мен қандай көмек берейін? – деп ашық сөзге шақырғанын байқаған Зәкең де төтесінен кетіп :

– Сіз Шәмшіге Қазақстанның Халық әртісі атағын неге бермей жүрсіз? – деген қарсы сұрақ қояды.Президент бұл сөзге қатты таңданыс білдіріп:

– Заманбек, мұндай атақ берудің өзінің жолдары бар емес пе? Өзің неғып осы уақытқа шейін маған ұсыныс түсірмей жүрсің?– деп қарсы сұрақ қояды.

– Ұсыныс бермегені қалай? Жарты жылдан асып кетті ғой менің тиісті қағаздарын реттеп Сіздің атыңызға жолдағаныма – деген Заманбектің сөзінің соңына шейін тыңдар-тыңдамастан Нұрекең оның өзіне тағы да:

– Қай бөлімге тапсырдың? Кімге тапсырдың? – деп бірінен соң бірі сұрақтарды жаудыра түседі.

«Сәтін салғанда, мен қағаздарды тапсырып, хабарласқан сайын «кейін, кейін» деп жүрген көмекшісі Президент екеуміздің қасымызда келе жатыр еді, «Оны мына көмекшіңізден сұраңыз» деп едім, «Бұл не әңгіме? Құжаттар маған неғып жетпей жатыр?» де еді, әлгі көмекші «Нұрсұлтан Әбішұлы, Заманбек Қалабайұлы құжаттарды әкелгелі жарты жылдан асты. Бірақ, өзіңіз мынау Одақ біржақты болғанша атақ, сыйлық туралы ұсыныстарды тоқтата тұр» деп тапсырған соң, өзімде ұстап жүр едім» деп түсіндірмек болды. «Сен ондай сөзді қой. Шәмшінің жөні бөлек. Оған анау Әсет ағаларыңды да қосыңдар. Екеуінің де құжаттары ертең менің қолыма тиетін болсын» деп көмекшісіне менің көзімше тапсырма берді» деген Зәкеңнің сұхбатын оқығанда тақ үстінде жүрген тұлғаны кейде айналасы аласартып жібереді -ау деп те ойланып қалады екенсің.

Бұл оқиға желтоқсанның 17-сі күні болған. Ал, 1991 жылғы желтоқсанның 20-сында Президенттің Әсет Бейсеуов пен Шәмші Қалдаяқовқа Қазақстан Республикасының Халық әртісі құрметті атағын беру туралы № 544 Жарлығы шығады. Бұл Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Тәуелсіз Қазақстан тарихында қабылдаған тұңғыш Жарлығы болатын.

Ал, арада небәрі алпыс күн өткенде, 1992 жылғы 29 ақпанда Шәкең дүниеден өтті. Егер бұл ұсыныс елдің сөзін жерде қалдырмайтын ердің құлағына ертерек жеткенде әлде қайтер еді? Әйтеуір, көзінің тірісінде ресми түрде мойындалғанын көріп кеткені де көңілге – медеу.

**Абдолла ДАСТАНОВ**

# ҰРАНШЫЛДЫҚ ЕМЕС, ҰЙЫМШЫЛДЫҚ – ҰЛЫ МҰРАТЫМЫЗ



***(Соңы. Басы 1-бетте).***

Тұрақтылық пен дамуымыздың кепілі болған татулық пен бірлікті бәрінен жоғары қойған абзал. Мемлекет мүддесін көздесек, әуелі сабақтастық сақталып, төгілген тер мен атқарған еңбектің далаға кетпеуін ойлайық. Осындай саясат жүргізген кезде ғана барлық стратегиялық мақсаттарымызға қол жеткізіп, Қазақстанды озық дамыған мемлекеттердің қатарына қоса аламыз. Жаңа Қазақстанның өзегін жаңа қоғам құрайтыны анық. Бұл ретте, ең алдымен, ұлтымыздың қадір-қасиетін арттырып, халқымыздың бәсекеге қабілеттілігін жетілдіруге баса мән беруіміз керек. Сондай-ақ, қоғамның дамуына кедергі келтіретін, береке-бірлігімізге іріткі салатын жағымсыз қасиеттерден арылу қажет. Қазір Қазақстанда саяси жаңғыру үдерісі жүріп жатыр. Елбасының қолдауымен билікке басшылардың жаңа буыны келе бастады. Соған қарамастан, елімізде түбегейлі саяси өзгеріс керек деген ойлар да жиі айтылып жатады. Бірақ бұл мәселе бойынша ұлттық мәмілеге келудің, мемлекет мүмкіндіктерін шынайы бағалаудың және жүктелген міндетке жауапкершілікпен қараудың маңызы зор. Өзгеріс деп байбалам салатындар еліміздің болашағын байыптамайды, жай ғана популистік идеяларға табан тірейтіні анық. Сондықтан, жалаң ұранға бой алдырмай ел келешегін ойлап, болашақты бағамдай білгеніміз жөн.

Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бірлігімізді тұмардай сақтай білсек, еліміз үшін алынбайтын қамал жоқ. Жержаһанға зор қауіп төндірген пандемия, әлеуметтік және экономикалық катаклизмдер жағдайында Қазақстан азаматтары жоғары патриотизмді, азаматтық рухты және әлеуметтік жауапкершілікті көрсете білді. Біздің халқымыз «Біз біргеміз!» акциясы аясында қоғамның барлық топтары өкілдерінің әлеуметтік ынтымақтастығы, волонтерлердің азаматтық белсенділігі, медицина қызметкерлері мен полицияның жанқиярлықпен шектесетін кәсіби ерлігі мен табандылығының жарқын үлгілерін көрсетті. Елбасы, шынайы мемлекет, саяси және халық көшбасшысы ретінде, біздің отандастарымыздың рухын және ерік-жігерін нығайту, өз күшіне мызғымас сенім ұялату үшін ұйымшылдыққа және бірлікке шақырды. Оның тапсырмасы бойынша «Birgemiz» қайырымдылық қоры құрылып, тұрғындардың осал топтарына қолдау көрсетілді. Ел Президенті мен Үкімет пандемиядан қорғау, экономиканы және азаматтардың әл-ауқатын жан-жақты қолдау жөніндегі ауқымды шаралар кешенін жүзеге асырды. Індетпен күрес дана халқымызға тән асыл қасиеттердің арқасында жүзеге асты. Өзгеге қол ұшын созып, тілеулес болу, тосыннан келген кеселге қарсы тұру маңызды екені анық байқалды.

«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» демекші, сын сағаттарда алауыздық танытпай, жұдырықтай жұмылуымыз керек. Сонда ғана еліміз ырысы мен ынтымағы, бірлігі мен тірлігі жарасқан егеменді ел болып орнығады. Тәуелсіздік дәуірінде татулық пен бірліктің, тыныштық пен тұрақтылықтың арқасында талай табыстарға кенелуде. Табысымызды еселеп, Тәуелсіздігімізді баянды ете түсу үшін бізге балталаса да бұзылмайтын берік ауызбіршілік керек. Берекелі бірлігімізді көздің қарашығындай сақтай алсақ, мерекелі тірлігімізге төнетін қауіп жоқ.

**Раушан ҚАПАРОВА,**
**Жезқазған тарихи-археологиялық музейдің директоры**

ЖОБА

# ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ КВОТАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 9-бабының 6), 9) тармақтарына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 «Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде №14010 тіркелді) бұйрығына сәйкес, Жезқазған қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік түріне және меншіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарда жұмыс орындары квотасы белгіленсін:

1) осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін қызметкерлердің тізімдік санынан бір пайыз мөлшерінде;

2) осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде.

3) Жезқазған қаласының әкімдігінің 2019 жылғы 26 карашасындағы № 37/01 «Жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы» (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5544 болып тіркелген, 2019 жылғы 6 желтоқсандағы № 48 (304) «Жезказганский вестник», № 47 (8161) «Сарыарқа» газеттерінде, 2019 жылғы 4 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Жезқазған қаласының әкімі Қ. ӘБСАТТАРОВ**

*Жезқазған қаласы әкімдігінің*
*2020 жылғы ______ № ___ /___ қаулысына*
*1-қосымша*

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарға жұмыс орындары квотасы**

| № | Ұйымның атауы | Қызметкерлердің тізімдік саны | Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан) | Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 12 «Салтанат» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 70 | 1 | 1 |
| 2 | «Жезқазған қаласының білім бөлімінің №13 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 182 | 1 | 2 |
| 3 | «Жезқазған қаласының білім бөлімінің №10 «Ұшқын» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 66 | 1 | 1 |

*Жезқазған қаласы әкімдігінің*
*2020 жылғы _____________ № ___ /___ қаулысына*
*2-қосымша*

**Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде жұмыс орындары квотасы**

| № | Ұйымның атауы | Қызметкерлердің тізімдік саны | Квотаның елемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан) | Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Қарағанды облысының Білім басқармасының «Жезқазған политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 105 | 3 | 3 |
| 2. | «Жезқазған қаласының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 66 | 2 | 1 |
| 3. | «Жезқазған қаласының білім бөлімінің №10 «Ұшқын» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 66 | 2 | 1 |
| 4. | «Жезқазған қаласының білім бөлімінің №22 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 62 | 2 | 1 |
| 5 | «Балалар мен жасөспірімдер сарайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | 97 | 2 | 2 |
| 6 | Қарағанды облысының Білім басқармасының «№3 Білім-инновация» лицей-интернаты коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 67 | 2 | 1 |
| 7 | «Банк Хоум Кредит» акционерлік қоғамының еншілес банкі | 86 | 2 | 2 |

# МЕДИАЦИЯ – ТӨРЕЛІК АЙТУДЫҢ ОЗЫҚ ӨНЕГЕСІ

***Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы 2011 жылы 28 қаңтарда қабылданып, бүгінгі күні елімізде жүзеге асырылуда. «Медиация туралы» Заңы елімізде медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды жүргізу қағидаттары мен рәсімін реттейді. Тәуелсіз, бейтарап, істің нәтижесіне мүдделі емес, медиация тараптарының өзара келісімі бойынша таңдалған, медиаторлар тізіліміне қосылған және медиатордың функцияларын орындауға келісім берген жеке тұлға медиатор бола алады.***



Медиаторлар екіге бөлінеді: олардың бірі медиация мәселесі бойынша арнайы білім алып, тәжірибе жинақтаған кәсіби медиаторлар, ал екіншісі – кәсіби емес медиаторлар. Заңда атап көрсетілгендей, медиаторлықты таңдаған адам өз қызметін кәсіби де, кәсіби емес те негізде жүзеге асыра алады. Жоғары білімі бар, жасы 25-ке толған, Қазақстан Республикасы медиаторлар одағынан арнайы оқудан өткен кез келген тұлға кәсіби медиатор бола алады. Ал, кәсіби емес медиаторлықпен 40 жасқа толған, халық арасында беделді, адамгершілігі жоғары, ары кіршіксіз адамдардың айналысуына толық мүмкіндік бар. Олар тұрғындар жиынының ресми хаттамасы арқылы жергілікті атқару органдарына тіркелуі тиісті, заңгер мамандығы болуы міндетті емес. Медиаторлар өз қызметтерін тек қана жеке құқықтық қатынастар бойынша жүргізеді. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті және оған теңестірілген, заңда белгіленген тәртіппен сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған, оған қатысты қылмыстық қудалау жүзеге асырылатын, заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам медиатор бола алмайды.

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі, яғни медиация – үшінші бейтарап көзқарасты ұстанатын медиатордың қатысуымен дау-жанжалдарды шешудің баламалы әдісі, оны тараптарды өзара келістіру тәсілі немесе мәмілегер, бітімгер деп түсіну абзал. Ол екі жақтың еріктілік, құпиялық, тең құқылығын сақтай отырып, тараптардың өзара тиімді бітімге келуіне жол ашады.

Медиацияның мақсаты – дауды шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар медиацияның қолданылу саласы болып табылады.

Қылмысты жасағаны үшін ең ауыр жаза екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет және ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын абайсызда жасалған әрекет, сондай-ақ ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет және бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда жасалған әрекет ауырлығы орташа қылмыс санатына жатады.

Қылмыстық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген дауларды реттеу туралы келісім жәбірленушіге келтірілген залалдың орнын толтыру және қылмыс жасаған адамның жәбірленушімен татуласуы жолымен дауларды реттеу туралы келісімді білдіреді.

Соттың қарауында жатқан жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларды реттеу бойынша медиация туралы шарт іс жүргізуді тоқтата тұруға негіз болып табылады.

